

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



# МАЗМҰНЫ

1. НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР
2. БЖЗҚ-ҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ МАҚСАТТАРЫ
3. ТӘУЕКЕЛ МЕН КІРІСТІҢ АРАҚАТЫНАСЫ
4. СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ
5. ҚАРЖЫЛЫҚ (ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ) ТӘУЕКЕЛДЕР
6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЗАЙТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ
7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
8. БЖЗҚ САЙТЫ БОЙЫНША НАВИГАЦИЯ

## НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАР

1. ҚР Әлеуметтік кодексі, 20.04.2023ж. №224-VII;
2. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңы, 02.07.2023 ж. №461- II;
3. ҚНРДА Басқармасының 07.06.2023 ж. №40 Қаулысымен бекітілген БЖЗҚ, ерікті ЖЗҚ тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары;
4. ҚР Үкіметінің 29.10.2025ж. № 909 Қаулысымен бекітілген ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі (қазақстандық және шетелдік эмитенттердің қаржы түрлі құралдарының түрлерін қамтиды);
5. ҚР ҰБ Басқармасының 23.10.2023 ж. №82 Қаулысымен бекітілген БЖЗҚ инвестициялық декларациясы (ИД) (зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, инвестициялау стратегияларын, талаптары мен шектеулерін айқындайды);
6. Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін ИПБ-ға қойылатын талаптарды, сондай-ақ ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы ҚР ҚНРДА 26.06.2023ж. №62 Қаулысы;
7. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт, оның негізінде ҚРҰБ БЖЗҚ мен ҚРҰБ арасында жасалатын БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады. (бұл ретте, ҚРҰБ басқа тұлғаға өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті әрекеттерді активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа және Әлеуметтік кодекске сәйкес жасауды тапсыруы мүмкін. Бұл жағдайда сенімгерлік басқарушы өзі сайлаған сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеті үшін өз іс-әрекеті ретінде жауап береді);
8. Инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) БЖЗҚ мен ИПБ арасында жасалатын БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын **БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар**. Тиісінше, сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері есебінен қалыптастырылған қаржы құралдарының портфеліне ИПБ инвестициялық декларациялары (ИД).

<https://www.enpf.kz/ru/pension-system/legislation> сайтында қолжетімді.

## БЖЗҚ-ның инвестициялық декларацияңын 3 бапы'



Зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету және зейнетақы активтері құнының ықтималдықтың жоғары деңгейімен сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекелдің деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада нақты кірістілік алу.



Инвестициялау мақсаттары инвестициялау қайда және қалай жүзеге асырылатынына байланысты инвестициялық портфель стратегиясының таңдалуын айқындайды. Бұл БЖЗҚ-ның инвестициялық декларациясында ресімделген, онда инвестициялау мақсаттары, қаржы құралдарына арналған белгілер айқындалған, сондай-ақ эмитенттердің санаттары, қаржы құралдарының түрлері мен рейтингтері бойынша шектеулер белгіленген.

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/0ea/0ead12737fb06a44c51d78b82157bd3c.pdf> сайтында қолжетімді.



Инвестициялық портфель қаржы құралдарының әртүрлі түрлерінен (акциялар, облигациялар, туынды қаржы құралдары және т.б.) құралады. Бұл ретте, қаржы активтері бір-бірін инвестор үшін ыңғайлы күтілетін тәуекел деңгейімен болжамды мерзімде күтілетін кіріс әкелетіндей теңестіруге тиіс.


\* А. Н. Буренин «Бағалы қағаздар портфелін басқару», 2005, 13-бетті қарау

# СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ



ҚР ҰБ және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, инвестициялау қауіпсіздігінің ақылға қонымды дәрежесі зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту арқылы ҚР Үкіметі мен ҚНРДА тарапынан қамтамасыз етіледі.

<https://www.enpf.kz/ru/indicators/invest/review.php#2024> сайтында қолжетімді.



Қажетті кірісті қамтамасыз ететін зейнетақы активтерінің қолданыстағы инвестициялық портфелі тәуекелге ұшырайды, оны осы тәуекелдерді сәтті басқару үшін түрлі тәуекелдерге бөлуге (үлестіруге) болады.

\*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2019 ж. №70 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қаржылық (инвестициялық) тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес жіктеу.

## Валюталық тәуекел (currency risk)

Қызметті жүзеге асыру кезінде шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Шығыстардың (шығындардың) қауіптілігі валюталар бойынша құндылығын көрсетудегі позицияларды асыра бағалаудан туындайды.



## Пайыздық тәуекел (interest rate risk)

Орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелерді (сыйақының тіркелген мөлшерлемелері кезінде) қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен шығыс (шығын) туындауына не басқа тең жағдайларда баға сипаттамалары ұқсас құралдар қатары бойынша алатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің түрлі әдістерін қолдануға (базистік тәуекел) байланысты тәуекелдерді қамтитын сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыс (шығын) туындау тәуекелі



## Баға тәуекелі (price risk)

Қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарықтарының жағдайы өзгерген кезде қаржы құралдары құнының өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі

**DEFAULT**

рейтингіні төмендету  
тәуекелі



Эмитент тәуекелі

қарсы агенттердің  
тәуекелі

## Кредиттік тәуекел' (credit risk)

эмитенттің қаржы құралын шығару талаптарында белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борышты және сыйақыны төлемеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі

## Кредиттік рейтинг" (credit rating)

елдің, қарыз алушының немесе жеке несиелік өнімнің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін интегралды бағалау. Рейтинг агенттіктің қарыз алушының кредиторларға берешектің негізгі сомасын және ол бойынша пайыздарды уақтылы және толық көлемде өтеу үшін төлемдерді жүзеге асырудың болашақ қабілеті мен ниетіне қатысты пікірін білдіреді

## Рейтингілік агенттіктер (rating agencies):

Moody's <https://www.moody.com/>

Standard&Poor's <https://www.spglobal.com/>

FitchRatings <https://www.fitchratings.com/>

Moody's	S&P	Fitch	
Aaa	AAA	AAA	Prime
Aa1	AA+	AA+	High grade
Aa2	AA	AA	
Aa3	AA-	AA-	
A1	A+	A+	Upper medium grade
A2	A	A	
A3	A-	A-	
Baa1	BBB+	BBB+	Lower medium grade
Baa2	BBB	BBB	
Baa3	BBB-	BBB-	
Ba1	BB+	BB+	Non-investment grade speculative
Ba2	BB	BB	
Ba3	BB-	BB-	

“БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 24.10.2019 ж. №70 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қаржылық (инвестициялық) тәуекелдерді басқару қағидаларына сәйкес жіктеу.

“А.А. Лобанов пен А.В. Чугуновтың редакциясымен шыққан «Энциклопедия финансового риск-менеджмента» 2-басылымына сәйкес анықтама, 373-бет



Тәуекелдердің сипаты мен ерекшеліктеріне байланысты басқарушы компаниялар осы тәуекелдерді басқару және азайту үшін қолданатын стратегиялар әзірленді. Ең көп таралған және кеңінен қолданылатын – әртараптандыру, шектеу және хеджирлеу<sup>4</sup>.

<sup>4</sup>А.А. Лобанов пен А.В. Чугуновтың редакциясымен шыққан «Энциклопедия финансового риск-менеджмента» 2-басылымына сәйкес анықтама, 18-19, 455-беттер



## Әртараптандыру

Инвестицияларды және/немесе міндеттемелерді бөлу арқылы жиынтық тәуекелді азайту тәсілі. Көбінесе әртараптандыру дегеніміз-бағалары немесе кірістілігі бір-бірімен нашар байланысқан активтердің бірнеше түріне қаржы қаражатын орналастыру.

Мәні бір оқиға үшін мүмкін болатын ең жоғары шығындарды азайтудан тұрады, бірақ сонымен бірге бақылауды қажет ететін тәуекел түрлерінің саны артады, бұл транзакциялық шығындардың өсуіне әкеледі.

Алайда, бұл тек жүйелік емес тәуекелді азайтуға мүмкіндік береді (белгілі бір құралмен байланысты тәуекел), ал қарастырылып отырған барлық құралдарға ортақ жүйелік тәуекелдерді (мысалы, экономиканың циклдік құлдырау тәуекелі) портфолио құрылымын өзгерту арқылы азайтуға болмайды.



## Лимиттеу

Инвестициялаудың лимитін, яғни шекті сомаларын белгілеу. Тәуекел концентрациясының төмендеуіне ықпал ететін жоғарғы және төменгі шектеу жүйелерін белгілеу.

Бұл лимит институционалдық инвесторлар (атап айтқанда зейнетақы қорлары) үшін олардың қызметін міндетті нормативтер жүйесінде мемлекеттік реттеу үдерісінде белгіленеді.



## Хеджирлеу

хеджирлеу объектісі бағасының немесе өзге де көрсеткішінің қолайсыз өзгеруі нәтижесінде туындайтын ықтимал залалды өтеу мақсатында жасалатын туынды қаржы құралдарымен операциялар. Бұл ретте, активтер және (немесе) міндеттемелер, сондай-ақ көрсетілген БЖЗҚ-ның меншікті активтеріне және (немесе) міндеттемелеріне немесе күтілетін мәмілелерге байланысты ақша легі хеджирлеу объектісі деп танылады. Іс жүзінде, сенімгерлік басқарушы ҚРҰБ валюталық тәуекелді хеджирлеу үшін валюталық своп операцияларын қолданды.

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



ҚРҰБ және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді



## НБРК

БЖЗК инвестициялық декларациясы - <https://www.enpf.kz/ru/indicators/investitsionnoe-upravlenie-pensionnymi-aktivami/obzor-investitsionnoy-deyatelnosti-i-kratkiy-obzor-investitsionnogo-portfelya-pensionnykh-aktivov.php#2026>



## Halyk Finance <https://halykfinance.kz/pensionnye-aktivy/?lang=ru>

Инвестициялық декларация - <https://portfoliows.enpf.kz/declaration/downloadPdf/guid=911259ed-3dff-49a6-8ab0-b0804ecdeb45>



## Halyk Global Markets <https://halykfinance.kz/pensionnye-aktivy/?lang=ru>

Инвестициялық декларация - <https://portfoliows.enpf.kz/declaration/downloadPdf/guid=25db3085-849e-4f52-83fe-8fcca6b8816c>



## BCC Invest <https://www.bcc-invest.kz/products?tab=individual>

Инвестициялық декларация - <https://portfoliows.enpf.kz/declaration/downloadPdf/guid=a46516fc-5e69-4795-81ee-32fc04c53c35>



## Сентрас Секьюритиз <https://cesec.kz/upravlenie-pensionnymi-aktivami/>

Инвестициялық декларация - <https://portfoliows.enpf.kz/declaration/downloadPdf/guid=45fe0d40-3c44-47d6-929e-ec5a8c472cc0>



## Alatau City Invest <https://alataucityinvest.kz/ru/pension>

Инвестициялық декларация - <https://portfoliows.enpf.kz/declaration/downloadPdf/guid=898166db-0011-4389-b180-eee443dffa37>

‘ҚРҰБ Басқармасының 27.08.2013 ж. №214 Қаулысымен бекітілген «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында» белгіленген ИПБ-ға қойылатын тиісті талаптарға және зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы ҚРҰБ-мен жасалған шарт талаптарына сәйкес.

## БЖЗҚ сайты бойынша навигация

1. Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметтің нәтижелері туралы ақпарат БЖЗҚ-ның сыртқы сайтындағы «Инвестициялық қызмет» бөлімінде қолжетімді:

<https://www.enpf.kz/kz/> > статистика и аналитика > Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару > инвестициялық кіріс

2. «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің толық құрылымы» шағын бөлімі қаржы құралдарының түрлері бойынша кейіннен егжей-тегжейлі инвестициялық портфельдің құрылымы, әртараптандырылуы туралы ақпаратты ашады:

<https://www.enpf.kz/kz/> > статистика и аналитика > зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің шоғырландырылған құрылымы (МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ)

3. «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы ақпарат» шағын бөлімі әрбір зейнетақы активтерін басқарушы компания (ҚРҰБ және ИПБ) бөлінісіндегі инвестициялық портфель құрылымын ұсынады:

<https://www.enpf.kz/ru/> > статистика и аналитика > зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруына беру

4. БЖЗҚ сыртқы сайтының «Инвестициялық қызметке шолу» шағын бөлімі зейнетақы активтерін басқарушы компаниялардың (ҚРҰБ және ИПБ) инвестициялық декларацияларын қамтиды, сондай-ақ басқарушы компаниялар бөлінісінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ай сайын толық ақпаратты ұсынады:

<https://www.enpf.kz/kz/> > статистика и аналитика > зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару

Инвестициялық қызметке шолу и Инвестициялық қызметке шолу инвестициялық портфеліне қызметке шолу

5. «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне қысқаша шолу» деген шағын бөлімде инвестициялық портфельдің құрылымы бойынша (оның ішінде географиялық және секторалдық бөліністе), инвестициялық қызметтің нәтижелері бойынша, сондай-ақ инвестициялық портфельдің кредиттік сапасы бойынша шоғырландырылған ақпарат ай сайын ұсынылады:

<https://www.enpf.kz/ru/> > статистика и аналитика > зейнетақы активтерінің инвестициялық басқару

Инвестициялық қызметке шолу и Инвестициялық қызметке шолу инвестициялық портфеліне қызметке шолу

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне қысқаша шолу



**Рақмет!**

